

## Диссертациялық кеңестің 2021 жылғы жұмысы туралы есеп

Қарағанды техникалық университетінің жанындағы 6D071200 «Машина жасау», 6D071300 «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңес

Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

### 1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер

«Машина жасау», «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» диссертациялық кеңесі өз жұмысы барысында қорғауға жіберу және рецензенттерді тағайындау туралы шешіммен қорғау күніне дейін бір айдан кешіктірмей алдағы қорғау туралы хабарлау қажеттілігі туралы талапты ескере отырып, 3 (үш) отырыс өткізді.

### 2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Жоқ.

### 3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

№	Аты-жөні	Оқу мекемесі
1	Карсакова Акбопе Жолаевна (10.12.2021 ж. қорғау өтті)	Қарағанды техникалық университеті (ҚарТУ, Қарағанды қ.)
2	Пак Игорь Анатольевич (10.12.2021 ж. қорғау өтті)	Қарағанды техникалық университеті (ҚарТУ, Қарағанды қ.)
3	Смакова Нургуль Сериковна (22.12.2021 ж. қорғау өтті)	Қарағанды техникалық университеті (ҚарТУ, Қарағанды қ.)

### 4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

#### 4.1.1. Докторант Карсакова А.Ж. жұмыстар тақырыптарына талдау:

Докторант Карсакова А.Ж. диссертациялық жұмысы «Түзету-қағу-өңдеу ВПО-3-3000 машинасын жаңғырту» тақырыбына орындалған.

Шетелдік ғылыми кеңесші, техника ғылымдарының докторы, Петербург мемлекеттік қатынас жолдары университетінің «Локомотивтер және локомотив шаруашылығы» кафедрасының профессоры Владимир Васильевич Грачевпен бірлескен зерттеулер жүргізілді.

Жұмыстың мақсаты ВПО-3-3000 машинасын жаңғыртудың нұсқаларын жасау үшін тәуелділіктерді анықтау болып табылады

Практикалық маңыздылығы жаңғыртудың оңтайлы уақытын анықтау әдістемесін жасау, жаңғырту нысанын таңдау және олардың жұмыс параметрлерін есептеу және техникалық тапсырмаларын дайындау болып табылады.

Диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Диссертациялық жұмыс «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарын орындауға бағытталған. ВПО-3-3000 машинасын жаңғырту жөніндегі Нұсқаулық және ВПО-3- 3000 машинасының тораптарын жаңғыртудың оңтайлы уақытын есептеу әдістемесі 2021 жылы «Шу машиналандырылған жол дистанциясы» «ҚТЖ» ҰК АҚ-ға және «Ақадыр машиналандырылған жол дистанциясы» «ҚТЖ» ҰК АҚ-ға берілді.

Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау

Докторлық диссертацияның негізгі ережелері мәжілістерде, сондай-ақ халықаралық конференцияларда баяндалды және талқыланды:

- «Сағынов окулары» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (Қарағанды қ., 2018-2021жж.);

- XXVI Халықаралық ғылыми-техникалық конференция (Севастополь қ., 2019);

- «Заманауи ғылыми жетістіктер» XVI Халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Прага қ., 2020ж.);

- «Ғылымның заманауи мүмкіндіктері» атты XVI Халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Прага қ., 2020ж.).

- «Көлік техникасы және логистикалық жүйелер» кафедрасының ғылыми семинарларында (2017-2021жж.);

- 6D071200 «Машина жасау», 6D071300 «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» кадрларды даярлау бағыты бойынша докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің ғылыми семинарларында (2018-2020 жж.).

Диссертацияның негізгі ғылыми ережелері 12 жұмыста жарияланды. Оның ішінде Web of Science және Scopus индекстелетін журналдарда 1 мақала, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 4 мақала, халықаралық конференциялар еңбектерінің жинақтарында 6 мақала, соның ішінді 2 шетелдік басылымда шықты. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы 1 куәлік алынды.

#### **4.1.2 Докторант Пак И.А. жұмыстар тақырыптарына талдау:**

Докторант Пак И.А. диссертациялық жұмысы «Қалалық автобустардың пайдаланылған газдарын кәдеге жаратуға арналған құрылғының құрылымын және есептеу әдістемесін әзірлеу» тақырыбына орындалған.

Шетелдік ғылыми кеңесші, техника ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік автомобиль-жол техникалық университетінің (Мәскеу, Ресей Федерациясы) профессоры Наталья Ивановна Бауровамен бірлескен зерттеулер жүргізілді.

Жұмыстың мақсаты: қалалық автобустардың ІЖҚ пайдаланылған газдарын ультрадыбыстық тазарту және кәдеге жарату үшін жинақтаушы құрылғының есептеу әдістемесін және дизайнын жасауға мүмкіндік беретін тәуелділіктерді анықтау болып табылады.

Практикалық маңыздылығы қалалық автобустардың пайдаланылған газдарын жою үшін жинақтаушы құрылғыны есептеу әдістемесін жасау болып табылады.

Қалалық автобустардың іштен жану қозғалтқыштарының пайдаланылған газдарын тазартудың және кәдеге жаратудың ультрадыбыстық құрылғыларының ұтымды параметрлерін белгілеуге мүмкіндік беретін қалалық автобустардың пайдаланылған газдарын кәдеге жаратуға арналған құрылғылар конструкцияларының нұсқалары мен оларды есептеу әдістемесі 2021 жылы «№3 Автобус паркі» ЖШС-не берілді.

**Диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы**

Диссертация «Энергетика және машина жасау» Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына, Көліктік, ауылшаруашылық, мұнай-газдық және тау-кен металлургиялық машина жасау мамандандырылған ғылыми бағытына сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері Қарағанды қаласының «№3 автобус паркі» ЖШС-де өндірісіне, сондай-ақ «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» кадрларды даярлау бағыты бойынша бакалаврларды, магистранттарды және докторанттарды даярлау кезіндегі оқу процесіне енгізілді.

### **Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау**

Докторлық диссертацияның негізгі ережелері мәжілістерде, сондай-ақ халықаралық конференцияларда баяндалды және талқыланды:

- «Сағынов окулары» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (Қарағанды қ., 2018-2021жж.);

- «Ғылым әлемінен болашақ сұрақтар-2019» XV Халықаралық ғылыми-практикалық конференция (София қ., Болгария 2019ж.);

- «Cutting-edge science-2020» XVI халықаралық ғылыми және практикалық конференциясы (Шеффилд қ., Англия, 2020ж.);

- «Көлік техникасы және логистикалық жүйелер» кафедрасының ғылыми семинарларында (2017-2021жж.);

- 6D071200 «Машина жасау», 6D071300 «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» кадрларды даярлау бағыты бойынша докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің ғылыми семинарларында (2018-2020 жж.).

Диссертацияның негізгі ережелері 19 ғылыми жұмыста, оның ішінде Scopus мәліметтер базасына кіретін 2 мақалада, БҒСБК ұсынған 3 мақалада, РФДИ реферативті базасына кіретін 1 мақалада, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың 6 тезисінде жарияланды. Пайдалы модельге 2 патент, авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы 1 куәлік және авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы 4 куәлік алынды.

#### **4.1.3. Докторант Смакова Н.С. жұмыстар тақырыптарына талдау:**

Докторант Смакова Н.С. диссертациялық жұмысы «Төмен жиілікті гидравликалық күштік импульстік жүйелерді өндіру технологиясын ғылыми негіздеу» тақырыбына орындалған.

Шетелдік ғылыми консультант, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Машинатану институтының зертхана меңгерушісі Мамасабыр Урайымовпен бірлескен зерттеулер жүргізілді.

Зерттеу жұмысының мақсаты төмен жиілікті гидравликалық импульстік жүйедіріл механизмінің негізгі күштік элементін даярлау технологиясын жарату және ғылыми негіздеу.

Практикалық маңыздылығы кесу тәртіптерін, құралдың геометриялық және орнату параметрлерін, сондай-ақ кесу схемаларын таңдау бойынша ұсынымдар мен көп жүзді ротациялық құралдың құрылымын жобалау және даярлауда болып табылады.

**Диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы**

Диссертация бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары Индустриялық-инновациялық дамудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттерін жүзеге асыру аясында орындалды. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері «Тұмар - инновациялық жобалар орталығы» ЖШС өндірісіне (Нұр-Сұлтан қ., 2021ж.), және Қарағанды техникалық университетінде машинажасау мамандығы бойынша бакалаврлар мен магистранттарды оқыту процесіне енгізілген.

### **Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау**

Докторлық диссертациясының негізгі ережелері Қарағанды техникалық университеті «Технологиялық жабдықтар, машинажасау және стандарттау» кафедрасының ғылыми семинарында (Қарағанды қ. 2017- 2021жж.); докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің ғылыми семинарларында (2018-2020 жж.).

ҚарТУ ғылыми семинарында (Қарағанды қ. 2017-2021жж.), сондай-ақ машина жасау кәсіпорындарының халықаралық конференциялары мен техникалық кеңестерінде баяндалды және талқыланды:

- халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Киев қ., 2017ж.);

- халықаралық ғылыми-техникалық конференция (Армавир қ., 2019ж.);
- «Сағынов оқулары» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (Қарағанды қ., 2018-2020жж.).

Диссертацияның негізгі жағдайлары 13 баспа жұмыстарында, соның ішінде, 4 – Scopus басылымдарының тізіміндегі журналда, 3 – ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған басылымдарда, 4 – халықаралық конференция материалдарында, 1 – ҚР өнертабысқа берілген патент, 1 – ҚР пайдалы моделге берілген патент.

**5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).**

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін докторанттардың диссертациялық жұмыстарының рецензенттері болып диссертациялық кеңес туралы типтік ереженің талаптарына сәйкес тұлғалар тағайындалды. Тағайындалған рецензенттер туралы мәліметтер төменде келтірілген:

№	Докторант	Рецензенттер	
1	Карсакова Акбопе Жолаевны	Сазамбаева Баян Токушевна – т.ғ.д., Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» кафедрасының профессоры	Бақыт Ғабит Бақытұлы - PhD докторы, Көлік және логистика академиясының «Магистральдық инженерия» кафедрасының қауымдастырылған профессоры
2	Пак Игорь Анатольевич	Овчаров Михаил Степанович – техника ғылымдарының кандидаты, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Көлік және логистикалық жүйелер» кафедрасының профессоры	Кунаев Вячеслав Александрович - PhD докторы, Қарағанды индустриялық университетінің «Жасанды интеллект технологиялары» кафедрасының меңгерушісі
3	Смакова Нургуль Сериковна	Итыбаева Галия Тулеубаевна - техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), Торайғыров университетінің «Машина жасау және стандарттау» кафедрасының меңгерушісі	Комбаев Куат Курганович - техника ғылымдарының кандидаты, Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің «Машина жасау» кафедрасының доценті

Рецензенттер т.ғ.д., профессор Сазамбаева Б. Т., PhD, қауым. профессор Бақыт Ғ.Б., т.ғ.к., профессор Овчаров М.С., PhD Кунаев В.А., т.ғ.к., қауым. профессор Итыбаева Г.Т., т.ғ.к., доцент Комбаев К. К. өздерінің жоғары кәсібиліктерін көрсетті.

Рецензенттердің жұмысына ескертулер жоқ.

**6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.**

1. Ұсыныстар жоқ.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

	6D071200 «Машина жасау», 6D071300 «Көлік, көлік техникасы және технологиялары»
1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	3
2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-

6D071200 «Машина жасау», 6D071300 «Көлік, көлік техникасы және технологиялары»  
диссертациялық кеңестің төрағасы



Кадыров А.С.

6D071200 «Машина жасау», 6D071300 «Көлік, көлік техникасы және технологиялары»  
диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы

Жунусбекова Ж.Ж.

РАСТАЙМЫН  
Қарту ӨЖД директоры  
*Дураев*